

Тендер өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 наурыздағы N 79

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы акцияларының 40 процентін жекешелендіру жөнінде тендерді өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментінің "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын жеке жоба бойынша жекешелендіруге тендер өткізу кезінде "Майер, Браун энд Платт" (АҚШ) фирмасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң кеңесшісі етіп тарту туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 18 наурыздағы N 119 өкімінің 1 және 2-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр